

БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қысқы демалыс басталған кезде балалардың қауіпсіздігі ата-аналар, педагогтер мен жалпы қоғам үшін маңызды міндетке айналады. Осы кезде балалар таза ауада белсенді демалып, қысқы спорт түрлерімен айналысады. Сондай-ақ, осы уақытта басқа да маусымдық факторлармен байланысты балалардың жарақат алу қаупі артады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарды негізгі сақтық шараларын сақтау қажеттігі туралы ЕСКЕРТЕДІ:

1. МҰЗ АЙДЫНЫНДА ЖӘНЕ ТӨБЕШІКТЕН СЫРҒАНАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

- Балалардың рұқсат етілмеген, мұзы жұқа айдындары мен су айдындарында болуына жол бермеңіз.
- Қысқы спорт түрлеріне арналған жабдықтың (шана, коньки) жарамдылығы мен қауіпсіздігін тексеріңіз.

2. ЖОЛДА ЖҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға жолдан, әсіресе көктайғақ кезінде, қауіпсіз өту ережелерін түсіндіріңіз.

3. СЫРҒАНАЙТЫН ОРЫНДЫ ЖӘНЕ ОНДА БОЛУ УАҚЫТЫН БАҚЫЛАУ

- Балалардың, әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде, үнемі ересектердің бақылауында екеніне көз жеткізіңіз.
- Балаңызбен үйге қайту уақыты мен байланыс тәсілдері туралы келісіңіз.

4. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға отты және электр құрылғыларын, әсіресе жаңа жылдық гирляндарды, шамдар мен бенгал ұшқындарын қолдануға байланысты ережелерді түсіндіріңіз.
- Сіріңке мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сонымен қатар, Министрлік балалардың эмоционалды және психологиялық қауіпсіздігінің маңыздылығына назар аудартады. Қысқы демалыс – бұл отбасымен бірге болу, қызығушылықтар мен шығармашылық әрекеттерді дамыту уақыты. Балаларыңыздың бос уақыттарын қалай өткізетініне көңіл бөліңіздер.

Балалардың қауіпсіздігі – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Балаларымыздың қысқы демалысы жарқын, көңілді және қауіпсіз өтсін!